

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениеcіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медидағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медидағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймұллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

Максүтова А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

диссертация кандидата социологических наук : 22.00.06.- Ставрополь, 2007.- 156 с.

16. Ш.Д. Сейдигазимова, С.Е. Тапанова, М. Топлу. Қазақ мерзімді баспасөзіндегі әйелдер мәселесінің жазылу эволюциясы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Журналистика сериясы-2020.- 28№ 4(133).

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҮШІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕГЕМЕНДІКТІ ТҰРАҚТАНДЫРУДАҒЫ ЖАҢА ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН- ҚАТЕРЛЕР

Ұлжан Болатова,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
«Халықаралық журналистика» мамандығының магистранты

Аталмыш мақала Отандық бұқаралық ақпарат құралдарына жүктелген жаңа заманауи міндеттерді қолға алудағы түрлі сын-қатерлерді зерттеп, жаңа перспективаларды қарастыру және олармен жұмыс жасау бағытына арналған. Соның ішінде, елдегі саяси ахуал мен халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы БАҚ-тың маңызына ден қойып, оның атқаратын рөліне талдау жасалынады. Бұқаралық коммуникация құралдарының саяси ахуалды қалыптастырудағы әсерін қарастыратын ғылыми мақала.

Елдегі саяси ахуалды, халықырылық қарым-қатынасты қалыптастыруда, оны нығайту жолында бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын рөлі орасан зор маңызға ие. Әсіресе дөңгеленген дүниенің жүзі мың құбылған заманда ынтымақтастық пен ауызбіршілікті сақтай отырып, еліміздің егемендігін тұрақтандыруда демократиялы БАҚ-тың болуы және оның жүйелі жұмыс жасауы қажеттілік тудырып отырған басты фактор болып табылады. Бұны БАҚ қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «тек күшті, кәсіби және дербес бұқаралық ақпарат құралдары ғана біздің шынайы идеологиялық егемендігімізді қамтамасыз ете алатынын» атап көрсету арқылы маңызын ашқан. Отандық БАҚ жаһандық жаңалықтарды қалай ұсынатынына байланысты қазақстандықтардың белгілі бір оқиғаларға деген көзқарасының сипаты да қалыптасады. Қазақстандық аудитория болып жатқан оқиғаның мәнін түсініп, танылған пікірге ермеуі үшін әртүрлі көзқарастарды жарыққа шығару маңызды. Барлық ақпараттық инфрақұрылым Қазақстанның медиа кеңістігінің дербестігін нығайтуға бағытталуы тиіс. [1] Осы негізде еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін жаңа мақсат пен тың міндеттер жүктелгенін байқаймыз. Бұл өз кезегінде мықты перспективаларға жол ашып қана қоймай, өзіндік сын-қатерлердің де боларын білдіреді.

БАҚ – бұл мемлекеттік идеология құралы. Әрбір аймақтың, әрбір мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Үлкен мемлекеттер айналасындағы шағын елдердің мәдениетін басып, халқын өз аузына қаратып алуға талпынады. Сондықтан шағын елдердің өз мәдениетіне және өз ақпараттық саясатын жүргізу ісіне мығым болуы қажет. Бұл Қазақстан үшін, мемлекеттік тілдегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін өзекті мәселе болып табылады. [2] Шын мәнінде, біз ақпарат ағымы тым жоғары қоғамда өмір сүріп жатқандықтан халық үшін ең сенімді әрі жылдам ақпарат көзі бұл мемлекеттік БАҚ ретіндегі көзқарас қалыптасу қажеттілігі туындайды. Себебі, түрлі саяси оқиғалардың әсерінен дезақпараттың таралуы, әлеуметтік желілерде пропагандалық, агитациялық мақсаттағы ақпараттардың берілуі жиіледі. Халық жеңіл жаңалықтың жетегінде кетпеу үшін мықты, демократиялық БАҚ қажеттілігі осы тұрғыда туындайтын бірінші кезекті мәселе.

Ал екіншіден, қазіргі таңда таратылатын ақпараттың басым көпшілігі фактчек жасалмай, тек жедел таратылу мақсатында тексерусіз аудиторияға жол тартады. Бұл тұрғыдан көп жағдайда саны көп, сапасы жоқ материалдарға қанағаттанатын қоғам қалыптасып келе жатқаны қынжылтатын жайт. Ақпаратты екіжақты сараптай білу, оны зерттеу мен талдау қажеттілігі аудитория мен зерттеуші-журналист тарапынан тендей жүргенде ғана көзі ашық саналы қоғам қалыптастырамыз. Проблеманы перспективаға айналдыру үшін оған нақты шешім табу керек. Соған орай эмприкалық бақылау негізінде жүргізілген зерттеу нәтижесінде заманауи медиа кеңістіктегі аталмыш мәселелердің бір сыпырасын шешудегі алғышарттарды қарастырып көрсек:

- журналистің кәсіби шеберлігін арттырып, зерттеушілік, дата журналистика бойынша білімін жетілдіріп және фактчек жасау талаптарын қою; (журналист өз материалына толыққанды жауапкершілік алуы тиіс)
- Әлеуметтік желілердегі ресми сайт парақшалары, телеграм арналар мен ақпараттық сайттардың және ютуб арналар мен телеарналардың қызметі жіті сүзгіден өткізу; (материалдың жариялануына редакциядағы жауапты тұлғалар да бейтарап қалмауы шарт)
- Әр материалдан кейін аудиториядан келетін кері байланысқа зор мән беру және қажетіне сәйкес қосымша жауаптар мен арнайы материалдар дайындау; (бұл арқылы қоғамдық сананың даму процесін назарға алуға болады)
- Әрбір болған саяси жағдайға қатысты аналитиктер мен арнайы мамандар пікіріне сүйену және міндетті түрде материалда сарапшы сөзінің болуы қажет; (бұл халықтың жаңалықты оң бағытта қабылдап, дұрыс сараптай алуына септігін тигізеді)

Бұл біз тізімдеп шыққан тек ең әуелгі әрі қолжетімді ескертпелер қатары. Бұдан кейінгі кезеңде тағы жаңа міндеттер мен мақсаттардың пайда болары сөзсіз. Бұл негізде біз халықаралық басылымдар мен телеарналарды басшылыққа ала отырып, заманауи-талдамалы әдіс пен ұлттық болмысты сабақтастыру арқылы дербестік пен еркін тілді бұқаралық коммуникацияға

жол аша аламыз. Ғылыми көзқараспен алғанда біз халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандыру мақсатында Отандық БАҚ-ты ұтымды пайдалануға мүмкіндік аламыз. Алайда идеологиялық егемендік жолында ақпаратты ұсыну мен одан керібайланыс ала білу талабын жолға қою үшін де біраз тер төгу қажет.

Әлем елдері, соның ішінде, батыс еуропа елдері мұндай халықаралық идеологиялық егемендікке әлдеқашан қол жеткізіп, қазір өз бұқаралық ақпарат құралдарын осы тұрғыдан алғанда саяси әрі ең өткір құрал-қару ретінде пайдаланып отыр. Мұндай БАҚ қатарында біз «BBC», «CNN», «Al Jazeera» сынды әлемдегі ең ықпалды үштікке енген ақпарат агенттіктері мен телеарналарды, «The New York Times», «Daily News», «Newsweek Magazine», «Time», «USA Today» тәрізді бірқатар шетелдік басылымдарды атап өте аламыз. Бұл БАҚ-тардан еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін, қара жұмысшыдан ел басқарған президентке дейін ақпарат алған, сенім артқан. Сөзімізге дәлел ретінде М.Барманқұловтың «Си Эн Эн» арнасын Билл Клинтон, Фидель Кастро, Гельмут Коль сынды бірқатар елбасшылары мен саясаткерлері ел басқару ісінде жіті басшылыққа алып, ақпаратты арнайы сол арналардан қарағанын атап өткенін негізге алуға болады. Тіптен 1996 жылы Атлантадағы жарылыс кезінде оқиғадан хабар беру үшін президент Клинтонды түнде оятып хабар берілген. Ал президент сәйкесінше тиісті бұйрықтар беріп, оның орындалуын теледидардан, дәлірек айтсақ, «CCN» арнасынан бақылап отырған. [3] Бұл қарапайым мысалға алынған тарихи оқиға БАҚ-тың қаншалықты мықты әрі сенімді екенін көрсетеді. Тіптен жоғарыда аталған медиа агенттіктер қазіргі таңда да өз қызметін «мүлтіксіз атқарып келе жатқан жайы бар» деп жоғары баға беруге болады.

Зор күш пен сенімді ұялататын БАҚ-қа қол жеткізу үшін көптен бері көтерілетін, бірақ әлі де болса өз шешімін таппаған мәселелердің бірқатарымен бетпе-бет келіп, қолға алу қажет. Мұндай мәселелердің қатарын тізімдеп, оларды алдағы 5 жылдыққа қысқа мерзімді және 10 жылдыққа ұзақ мерзімді жоспарлар құру арқылы жүзеге асыру алға қарай қадам жасауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда ортамерзімде алдағы 5-7 жыл көлемінде:

- Журналист құқығын қорғау және оның қауіпсіздігін нығайту;
- Журналистерге демократиялық еркіндікке жол ашу;
- Мүмкіндігінше молынан халықаралық деңгейде ашық сараптамалық материалдар дайындау;
- Тіл тазалығы мен жалпы тіл проблематикасын қолға алу;
- Жанр сапалылығы мен тазалылығына жүгіну; тәрізді міндеттемелерді алға қоюға болады. Сол арқылы біз аз-аздан, жүйелі түрде нәтижеге қол жеткізе аламыз.

Ал жалпы ұзақ мерзімді жоспарға келер болсақ, олар әдетте 10-15 тіпті одан да көп жылдарға созылатын ауқымды процесстерден өтетін түйткілді проблемалар негізінде құрылады. Оларға:

- Сөз бостандығы мен еркіндігін сақтау;
- Сөз бостандығы бойынша әлемдік рейтингтегі орнымызды көтеру;
- Әр таратылатын ақпаратқа тиісінше сенімді синхронның болуы;
- Біздің БАҚ-тың шетел медиакеңістігіне қолжетімді болуы;
- Медиа саласындағы әртараптандыру үдерісінің жаһандық мүшесіне айналу;
- Халықаралық саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да айтулы оқиғаларға көбірек көңіл бөлу және оны Қазақстандық БАҚ тарапынан бағалау;
- Халықаралық аренада Отандық медиабейне қалыптастыру;
- Медиа кеңістікте сұранысқа ие материалдарды өндіру және тарату;
- Қазақстандық брендинг пен имиджді саяси ахуалдар мен тұлғалар арқылы қалыптастыру;
- Жаһандық ақпараттық соғысқа төтеп бере алатын, әркез дайын әрі қауқарлы Қазақстандық БАҚ, медиа-иммунитет қалыптастыру;
- Бәсекеге қабілетті идеологиялық егемендікті тұрақтандыру; сияқты нақты айшықталған міндеттерді жатқызамыз.

Нақты міндеттер мен мақсат айқыл болған тұста әрекетсіз қалу бұл өзіңе тиген үлестен құр қалумен тең. Негізінен алып қарасақ, әлемнің өзге елдерінің БАҚ демократияшылдығы бірден келе қойған жоқ. Ол әр қажеттілік пен сұраныс туындаған сайын, жағдайға байланысты өркендеп, дамып отырды. Ал қазіргі ақпарат заманында, ХХІ ғасырда Қазақстан үшін БАҚ-ты демократиялы әрі әділ ете алуы өте маңызды. Сол арқылы еліміз қоғамдық саяси сананы ашып, еліміздің өркендеуіне жаңаша перспективалар алады. Мұндай дамыған медиасы бар мемлекеттің ең мықты қаруы дәл осы бұқаралық ақпарат құралдары бола алады. Себебі кез келген әлемдік алпауыт соғыстан ақпараттық соғыс мың есе қауіпті болмақ. Ақпараттық соғыс адамдардың эмоцияларымен ойнап, барды жоқ, жоқты бар етіп көрсетуге қауқарлы. Француз қолбасшысы Наполеон Бонапарт: "Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор", - деген. Идеологиялық әсер етудің ең маңызды объектісі топтық және жеке сана екені факт. Алайда адамға жекелей әсер етуден қарағанда, ортақ өз айналасымен бірге тұтастай ақпараттандыру тиімді. Демек, топтық сана деңгейіндегі рухани-идеологиялық процесс көбірек мақсатты және болжамды болып келеді. Мұндай қоғамды басқару оңайырақ, өйткені шағын топтар әлеуметтік психологиямен жан-жақты зерттелген. [4] Сондықтан қолдағы бар мүмкіндікті екі есе пайдалнуға даңғыл жолға түсуде, халықаралық идеологиялық егемендікті қалыптастыруда БАҚ-тың атқарар рөлі ұшан теңіз.

Қазақстан – әлемнің өркениетті елдері іспеттес, дамушы елдер қатарындағы аса ірі мемлекет. Қазақстан үшін үнемі ізденісте болу, жаңа реформалар мен сенімді қадамдар жасау, алға қойған мақсаттарды жаңалап жүру маңызды. Ал мұндай өзгерістерге бет бұруды мемлекеттің ажарына айналған бұқаралық ақпарат құралдарынан бастаса еліміз еш ұтылмасы хақ. Медиакеңістігі

мығым, бұқаралық ақпарат құралдары қайратты елдің болашағы жарқын болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 28 маусым 2023 жылғы сөйлеген сөзінен: <https://www.akorda.kz/>
2. “БАҚ дегеніміз – мемлекеттік идеология құралы”. Сәуле Саматқызы, 03.12.2010 ж. <http://kazgazeta.kz/?p=4978>
3. М.Барманқұлов «Телевидение: деньги или власть?» Алматы, «Санат» баспасы, 1997 жыл
4. Нюнько Ю.П. «РОЛЬ СМИ В ФОРМИРОВАНИИ ИДЕОЛОГИИ БЕЛОРУССКОГО ГОСУДАРСТВА» мақаласы

САЯСИ ҚАҚТЫҒЫСТАРДАҒЫ МАНИПУЛЯЦИЯ ЖӘНЕ ЖАЛҒАН АҚПАРАТ

Біржан Қабдрашев,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика
және саясаттану факультетінің магистранты

Андатпа. Қазіргі ақпараттық қоғамда саяси қақтығыстар көбінесе манипуляция мен жалған ақпаратқа негізделген. Бұл ғылыми мақаланың мақсаты ақпараттық соғыстардың қоғамдық пікірді қалыптастырудағы әсерін зерттеу. Мақалада манипуляция және жалған ақпарат әдістері, оларды саяси қақтығыстарда қолдану және қоғам үшін салдары сияқты аспектілер қамтылған. Сонымен қатар, мақала қоғамды манипуляция мен жалған ақпараттан қорғауға арналған ұсыныстар ұсынады.

Ақпараттық соғыс қазіргі кезеңнің ең қауіпті қаруы. Қоғамдық пікірді өсіретін де, өшіретін де ақпарат. Мемлекеттің бейнесін қалыптастыруда ақпаратты жеткізетін медиа – бұқаралық ақпарат құралы. Осы тұрғыда Г. Шиллер «Содержание и форма средств массовой информации — мифы и средства их передачи — полностью опираются на манипуляцию. При успешном применении а это, несомненно, так и есть, они неизбежно приводят к пассивности индивида, к состоянию инертности, которое предотвращает действие. Именно такого состояния индивида и стремятся добиться средства массовой информации и вся система в целом, так как пассивность гарантирует сохранение статус-кво. В условиях развитой рыночной экономики пассивность имеет как физическое, так и интеллектуальное измерение, и оба они искусно эксплуатируются аппаратом манипулирования сознанием», - деп ақпарат береді. Яғни, автордың пікірінше БАҚ әсері сананы манипуляциялауда жетекші рөл ойнайтынын аңғартады. Бұқаралық ақпарат құралдарының мифтерді қалыптастырудағы рөлі мен олардың жеке тұлғаның